

## Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің 2007 жылғы 13 сәуірдегі N 91-ө өкіміне өзгерістер енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің 2007 жылғы 27 қыркүйектегі N 278-ө  
Өкімі

"Қазақстан Республикасының салық, кеден және бюджет заңнамасын және өкімшілігін жүргізуді жетілдіру бойынша ұсыныстар әзірлеу жөнінде жұмыс топтарын құру туралы" Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің 2007 жылғы 13 сәуірдегі N 91-ө өкіміне мынадай өзгерістер енгізілсін:

1) 2-тармақта»"20 сәуірге" деген сөздер»"30 желтоқсанға" деген сөздермен  
а у ы с т ы р ы л с ы н ;

2) 3-тармақта»"Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары - Экономика және бюджеттік жоспарлау министрі А.Е. Мусинге" деген сөздер»" Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары Ө.Е. Шөкеевке" деген сөздермен  
а у ы с т ы р ы л с ы н ;

3) көрсетілген өкімге 1-қосымшада:

салық жеңілдіктері мен преференцияларын оңтайландыру бөлігінде салық және кеден заңнамасын одан әрі жетілдіру бойынша ұсыныстар әзірлеу жөніндегі жұмыс тобының құрамына мыналар енгізілсін:

Сұлтанов - Қазақстан Республикасының Экономика және  
Бақыт Тұрлыханұлы бюджеттік жоспарлау министрі, жетекші

Мамытбеков - Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің  
Асылжан Сарыбайұлы Кеңесі Басшысының орынбасары, жетекшінің  
орынбасары

Кнюх - Қазақстан Республикасы Экономика және  
Вера Адриановна бюджеттік жоспарлау министрлігі Салық  
саясаты және болжамдар департаментінің  
директоры, хатшы

Тәжияков - Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі  
Бисенғали Шамғалиұлы Төрағасының орынбасары

Тәменова - Қазақстан Республикасы Президентінің  
Жанна Сәрсенбайқызы жанындағы Шетелдік инвесторлар кеңесінің  
салық салу мәселелері жөніндегі жұмыс

тобының тең төрағасы;

м ы н а :

"Рахметов - Қазақстан Республикасы Қаржы

Нұрлан Құсайынұлы министрлігі Салық комитетінің төрағасы,  
жетекшінің орынбасары"  
деген жолда», жетекшінің орынбасары" деген сөздер алынып тасталсын;  
көрсетілген жұмыс тобының құрамынан Сапарбаев Бердібек Машбекұлы,  
Доможирская Ирина Николаевна, Айманбетова Гүлбану Зарлыққызы шығарылсын;  
4) көрсетілген өкімге 3-қосымшадағы 4-тармақ алынып тасталсын.

*Премьер-Министр*

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК